

Мемлекеттік гранттарды қалыптастыру, беру,
мониторингтеу және олардың тиімділігін бағалау
қағидаларына 7-қосымша

Нысан

Кімге: «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы»
коммерциялық емес акционерлік қоғамына

Кімнен: «Рух жаңғырығы» қоғамдық қоры
(өтініш берушінің толық атауын көрсету)

Үкіметтік емес ұйымдар үшін қысқа мерзімді және орта мерзімді гранттар беруге арналған конкурсқа қатысуға өтінім

1. Өтініш беруші				
1. БСН	171040000500			
2. Ұйымның тіркелген күні	2017 жылғы 2 қазан			
3. Ұйымның толық атауы	“Рух жаңғырығы” қоғамдық қоры			
4. Ұйымның заңды мекенжайы	Қазақстан, Астана қаласы, Алматы ауданы, Оңтүстік Шығыс тұрғын үй алабы (сол жағы), көшесі Бұқтырма, үй 13			
5. Ұйымның басшысы	Хамит	Айдар	Дулатұлы	Директор
6. Ұйымның Жарғысына сәйкес негізгі қызмет түрлері	1. Мемлекеттік саясатты іске асыру 2. Мемлекеттік тілді дамыту мен қолдану 3. Жастар және өскелең ұрпақпен жұмыс жасау, соның ішінде осы жобаға қатысты жарғыда көрсетілген міндеттер: - Жастардың интеллектуалды дамуына бағытталған шараларды жүзеге асыру; - Жастардың кәсіби қызығушылықтарына орай пікір алмасуына, тәжірибе бөлісуіне бағытталған іс-шаралар жүргізу; - Түрлі саланың мамандары мен жастар арасында кездесулер, ортақ жобалар жасау; - Жастар мен жасөспірімдердің интеллектуалдық, мәдени, дене шынықтыру, адамгершілігін дамытудағы қажеттілігін қанағаттандыру үшін таңдаулы отандық және шетелдік тәжірибелерін ескере отырып қажетті жағдайлар жасау; 4. Ғылымды дамыту 5. Мәдениет және тарих 6. Дін саласы 7. Азаматтық қоғамды, волонтерлік қызметті дамыту, соның ішінде жарғыда жазылған міндет - қоғамдық маңызы мен пайдасы бар бастамаларды қолдау, жүзеге асыру.			

	8. Қазақстан Республикасында тыйым салынбаған басқа да қызмет түрлері.
7. Ұйымның жұмыс тәжірибесі бар нысаналы топтар	Жастар, оқушылар, студенттер, журналистер, ауыл, өңір-аймақ тұрғындары, еріктілер, сарапшылар, зерттеушілер, өлкетанушылар, қандастар, оңтүстіктен солтүстікке көшкен немесе мүдделі азаматтар
8. Ұйымның байланыс телефоны	+7 747 926 02 60 (WhatsApp, телефон)
9. Электрондық пошта мекенжайы	ruh.janhyrgy2017@gmail.com
10. Интернет желісінде өтініш берушінің веб-сайты	Қордың 2 интернет-ресурсы бар (democracy.kz , qazaqscience.kz). Олардағы қордың қызметі туралы бөлімдер: 1) https://democracy.kz/?page_id=4925 2) https://qazaqscience.kz/kor-turaly
11. Әлеуметтік желілердегі парақшалар (топтар, аккаунттар)	<i>Қордың ресми парақшалары:</i> Facebook – https://www.facebook.com/ruhjangyrygy/ Instagram - https://www.instagram.com/ruh_jangyrygy_qory/ Тик Ток - https://www.tiktok.com/@ruh_jangyrygy?_t=ZM-8vCa3BJPKsB&_r=1 <i>Сондай-ақ, қор келесі аккаунттар мен топтарды жүргізеді:</i> «Qazaq Science» Инстаграм парақшасы - https://www.instagram.com/qazaqscience.kz/ «Qazaq Science» Телеграм каналы - https://t.me/qazaqscienc «Democracy.kz» Телеграм каналы - https://t.me/aidar_khamit «Narrative» Youtube арнасы - https://youtube.com/@aidar_khamit?si=DxSSLzkbqO5rOcMT «Aidar Khamit (Ozgeris info)» Youtube арнасы - https://youtube.com/@aidar0487?si=PkJb9EbqohioWvJY «Өзгеріс» парақшасы - https://instagram.com/ozgeris_?igshid=YmMyMTA2M2Y= «Жігерлен» мотивациялық парақшасы - https://instagram.com/jigerlen.kz?igshid=YmMyMTA2M2Y= «Жігерлен» атты Facebook мотивация парақшасы - https://www.facebook.com/jigerlen.kz?mibextid=LQQJ4d «Жігерлен» атты Телеграм мотивациялық парақшасы - https://t.me/jigerlen_kz Facebook – Өзгеріс ойдан басталады - https://www.facebook.com/groups/445354745672304/?ref=sharehttps://www.facebook.com/groups/445354745672304/?ref%3Dshare&exp=8ce3&mibextid=S66gvF Facebook «Өзгеріс керек» - https://www.facebook.com/groups/498211913883542/?ref=share_group_link&exp=8ce3 Вконтакте Сіз білмейтін қызықтар - https://vk.com/kzktar Вконтакте – Бөрілі байрақ - https://vk.com/borili_bayrak Вконтакте – Заманауи Қазақстан - https://vk.com/z_qazaq Facebook - Айтарым бар - https://www.facebook.com/groups/mmjjgroup/?ref=share_group_link&exp=8ce3 Facebook - Шынның жүзі - https://www.facebook.com/groups/ankui/?ref=share_group_link&exp=8ce3 Facebook -Мағыналы сөздер - https://www.facebook.com/groups/sozder/?ref=share_group_link&exp=8ce3

	№	Әлеуметтік жобаның атауы	Қаржыландыру көлемі (теңге)	Қаржыландыру көзі/ Тапсырыс беруші	Орындау кезеңі		Негізгі Нәтижелері
					Басталуы	Аяқталуы	
12. Іске асырылған негізгі жобалар мен бағдарламалар * Ескерту. * Көрсетілген қызметтер актілерінің және шот-фактуралардың электрондық көшірмелері жобалардың іске асырылуын және өтініш берушінің жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар болып табылады. Әлеуметтік жобалар шетелдік көздер есебінен іске асырылған жағдайда және гранттар Оператор арқылы іске асырылған жағдайда – әлеуметтік жобаның іске асырылуын растайтын шарттардың және өзге де құжаттардың көшірмелері.	1.	Атырау облысында «Біргеміз: Білім» жобасы аясында волонтерлерді оқыту	3 000 000 теңге	«Жастар қызметкерлері қауымдастығы» ҚБ <i>Акт және Шот-фактура тіркеліп отыр</i>	Мамыр 2020 ж.	Қараша 2020 ж.	Атырау облысының білім беру мекемелерінен 100 ерікті бес бағыт бойынша оқытылды. COVID-2019 пандемиясына байланысты оқыту онлайн форматта өтті. Оқыту аяқталғаннан кейін дайындалған еріктілер 1000-нан астам оқушы үшін арнаулы курстар жүргізді
	2.	Жастарды мемлекеттік қолдау бағдарламалары мен жастар ресурстық орталықтары қызметіне бағалау жүргізу	1 200 000 теңге	«Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы <i>Акт және Шот-фактура тіркеліп отыр</i>	Маусым 2020 ж.	Тамыз 2020 ж.	Атырау, Батыс Қазақстан, Маңғыстау, Ақтөбе, Түркістан және Қызылорда облыстарында «Бизнестің жол картасы», «Еңбек», «Дипломмен ауылға» және т.б. бағдарламаларының іске асырылуына және жастар ресурстық орталықтарының жұмысының «Жасырын сатып алушы» тәсілі бойынша бағалау жүргізіліп, арнаулы талдамалық есеп дайындалды
	3.	Азаматтарды референдумға дайындық барысы туралы ақпараттандыру үшін баннерді интернет-ресурсқа орналастыру	6 850 000 теңге	«Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы» ММ <i>Акт және Шот-фактура тіркеліп отыр</i>	Мамыр 2022 ж.	Маусым 2022 ж.	Күнделікті 15 000 – 20 000 адамды құрайтын және бір ай ішінде келушілер саны 500 000-нан асатын қазақстандық интернет-порталда «Референдум 2022», «Саясат», «Қоғам» тақырыптарында материалдар жарияланды. Сондай-ақ алда өтетін референдум туралы ақпарат

							«ozgeris.info» порталына (қамтылуы – 475 700), jigerlen инстаграм парақшасында (18 100) «Өсиет, тілек, бата, құттықтау» (301 800), «Шынайы күле білейік» (155 800) Фейсбук парақшаларында жарияланды.
	4.	Жастар арасында интернетке тәуелділіктің және құмар ойындардың алдын алу бойынша іс-шаралар кешенін ұйымдастыру	6 249 000 теңге	«Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасы» КММ <i>Акт және Шот-фактура тіркеліп отыр</i>	Желтоқсан 2023 ж.	Желтоқсан 2023 ж.	Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты жүзеге асыру аясындағы іс-шараларды ұйымдастыру/өткізу бойынша қызметтер – ақпараттық жұмыс жүргізілді, онлайн байқаулар өткізілді
	5.	Саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған «Халық жады» естеліктер жинағын шығару бойынша іс-шараларды ұйымдастыру	1 800 000 теңге	«Ұлытау облысының қоғамдық даму басқармасы» мемлекеттік мекемесі <i>Акт және Шот-фактура тіркеліп отыр</i>	Қараша 2023 ж.	Желтоқсан 2023 ж.	Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты жүзеге асыру аясындағы іс-шараларды ұйымдастыру/өткізу бойынша қызметтер - естеліктер жинағы шығарылды
	6.	Жастар арасында мемлекеттік тілді қолдану деңгейіне әлеуметтік зерттеу жүргізу	1 200 000 теңге	«BasQaу» қоғамдық қоры <i>Акт және Шот-фактура тіркеліп отыр</i>	2024 ж.	2024 ж.	Қарағанды облысында 10 тереңдетілген сұхбат және 1 кабинеттік зерттеу жүргізіліп, нәтижесінде талдамалық баяндама дайындалды
	7.	Азаматтық қоғамның жергілікті басқаруға қатысуын зерттеу	1 000 000 теңге	«BasQaу» қоғамдық қоры <i>Акт және Шот-фактура тіркеліп отыр</i>	2024 ж.	2024 ж.	Шымкент қаласында үкіметтік емес ұйымдар, қоғамдық кеңес мүшелері арасында 10 тереңдетілген сұхбат және 1 кабинеттік зерттеу жүргізіліп, нәтижесінде талдамалық баяндама дайындалды

--	--

2. Әлеуметтік жобаның командасы

Штатта – 3 адам:

1.1. Команда мүшесінің аты-жөні және мәлімделген жобадағы команда қатысушысының лауазымы	Хамит Айдар Дулатұлы – жоба жетекшісі (жобаның іске асырылуын үйлестіру, Бірыңғай гранттық қаржыландыру операторымен тұрақты байланыс, есептерді дайындау және Бірыңғай гранттық қаржыландыру операторына тапсыру, қаржыландыру және құқықтық жұмысты ұйымдастыру)
1.2. Жұмыс тәжірибесі	- «Рух жаңғырығы» ҚҚ, директор (2021 жылдан бері бүгінгі күнге дейін). - Astana International University, Өнер және гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебі, аға оқытушы (2023 ж. бастап). - Maqsut Narikbayev University, PR Office саласындағы Медиа үйлестіруші қызметі, 2022-2023 жж. - «Жастар қызметкерлері қауымдастығы» ҚБ, атқарушы директор орынбасары, 2019-2021 жж. - ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігіне қарасты «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы, жетекші сарапшы, -ақпараттық-талдау басқармасы басшысының м.а., 2016-2019 жж. - Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Әлеуметтану кафедрасының оқытушы, 2014-2017 жж. Жұмыс жасаған ауқымды жобалары: - БҰҰ Балалар қорының (ЮНИСЕФ Қазақстан) «Жасөспірімдер мен жастардың әлеуметтік инновациялар мен кәсіпкерлікке арналған дағдыларын дамыту» жобасы – менторлік бағдарла жөніндегі консультант (2021-2022 ж.). - ҚР БҒМ мен Дүниежүзілік банктің «Жастар корпусын дамыту» бірлескен жобасы аясындағы «Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің институционалдық дамуына қолдау көрсету» жобасы – институциялық даму бойынша сарапшы (2021-2022 жж.). - «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы мен БҰҰ Балалар қорының (ЮНИСЕФ Қазақстан) «Жас журналистер клубы» жобасы – жоба үйлестірушісі (2017-2018 жж.). - Атырау облысы жастар саясаты жөніндегі басқармасының “Samgaý” жобасының үйлестірушісі (2019 ж.). - ҚР БҒМ, ҚР ДИАҚМ тапсырысы бойынша «Мемлекеттік жастар саясатын іске асыруды әдістемелік қамтамасыз ету» атты «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығының жобасы, мемлекеттік жастар саясатына ақпараттық аналитикалық қамтамасыз ету бойынша маман (2016-2019 жж.).
1.3. Қосымша мәліметтер	Білімі: жоғары, мамандығы әлеуметтану: Бакалавр – Қазақ гуманитарлық заң университеті (2008 ж.); Магистратура – Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (2010 ж.); Докторантура – Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (2021 ж.).

	ҚР Парламенті Сенатының Талдау мектебінің түлегі (2023 ж.). «Қазіргі әлемдегі ғылым және білім: 21 ғасырдың сын-тегеуріндері» атты оныншы Халықаралық ғылыми-практикалық конференция қатысушысы (2022 ж.). Түркия Башкент университетінде «Медиа және жаңалықтар теледидары» тақырыбы бойынша курстың түлегі (2021 ж.). ҚР Білім және ғылым министрлігі мен Дүниежүзілік банктің бірлескен жобасы аясында «Жастармен жұмыс жасауға арналған құзыреттер, аутрич әдістер, бейресми білім беру және қиын өмірлік жағдайдағы жастармен жұмыс жасау» тақырыбы бойынша сертификатталған тренер (2021 ж.). NEET санатындағы жастармен жұмыс бойынша семинар-тренинг қатысушысы (2021 ж.). Ресей-Қазақстан жас ғалымдары форумының қатысушысы (Самара қ., Ресей Федерациясы, 2021 ж.). Бейресми білім беру, жастармен жұмыс жасау салалары бойынша сертификатталған тренер (2020 ж.). БҰҰ Балалар қорының (ЮНИСЕФ) халықаралық UPSHIFT инновациялық бағдарламасы бойынша сертификатталған тренер-ментор (2020 ж.). «Ғалымның бренді: жоғары рейтингі бар журналдарда мақалаларды қалай жариялаймыз және дәйексөз деңгейін көтеру» семинары қатысушысы (Wiley, Нұр-Сұлтан қ., 2020 ж.). VIII Қазақстанның Азаматтық форумының ұйымдастыру комитеті мүшесі (ҚР Ақпарат және азаматтық қоғам министрінің алғыс хатымен расталған, 2018 ж.). БҰҰ Балалар қоры (ЮНИСЕФ) пен «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығының бірлескен «Жас журналистер клубы» жобасы аясында «Бұқаралық ақпарат құралдарындағы балалар мен жастардың құқықтарын қорғау» курсы, 2017-2018 жж. Қоғамдық даму, тілдерді зерттеу және жастар тақырыптарындағы бірнеше талдамалық баяндамалар мен мақалалар авторы. Әлеуметтанушы ретінде бірнеше медиа жобалардың қатысушысы («Сана», «Азамат» телебағдарламалары).
1.4. Әлеуметтік желілердегі бейіндерге сілтеме	Фейсбук – https://www.facebook.com/khamitaidar/ Инстаграм – https://www.instagram.com/aidar_dulatuly
2.1. Команда мүшесінің аты-жөні және мәлімделген жобадағы команда қатысушысының лауазымы	Әбидин Әбубәкір Надирхожаұлы - жоба маманы (жоба шараларының уақытылы және сапалы іске асырылуын бақылау және ұйымдастыру, жоба мақсатты тобымен байланыста болу)
2.2. Жұмыс тәжірибесі	- “Рух жаңғырығы” қоғамдық қоры, Маңғыстау облысы бойынша өкіл (Ақтау қаласы, 2025 ж. қаңтар – бүгінгі күнге дейін). - Yessenov University, Әлеуметтанушы-оқытушы (Ақтау қаласы, 2021 ж. қыркүйек – бүгінгі күнге дейін). - ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі «Қолданбалы этносаяси зерттеулер институты» ЖШС, Әлеуметтанулық зерттеулер департаменті менеджері (Нұр-Сұлтан қаласы, 2020-2021 жж.). - “Жастар қызметкерлері қауымдастығы” ҚБ, Ақпараттық-талдау жұмыстары бойынша маман (Нұр-Сұлтан қаласы, 2019 ж., мамыр-қыркүйек).

2.3. Қосымша мәліметтер	Білімі – жоғары, “Әлеуметтану” мамандығы: Бакалавр – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті (2014-2018 жж.) Магистратура – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті (2018-2020 жж.) Әлеуметтік жобаларға қатысуы: - «Маңғыстау облысының этноәлеуметтік жағдайының динамикасы» (2022 ж.) - «Ақтау қаласы тұрғындарының қоғамдық көңіл-күйі динамикасы» (2022 ж.) - «Халықтың қазақ бөлігінің әлеуметтік саралау» (2020 ж.) - «Қазақстандық бірегейлікті нығайту саласындағы мемлекеттік саясат» (2020 ж.) - «Қазақтардың біріктіру және жаңғырту әлеуеті форсайт-зерттеуі» (2020 ж.) - «Ақпараттық күн тәртібі және қоғамдық келісімді сақтаудағы БАҚ рөлі» (2020 ж.) Тілдерді меңгеру: қазақ, орыс тілдері – еркін, ағылшын тілі – Pre-intermediate деңгейі.
2.4. Әлеуметтік желілердегі бейіндерге сілтеме	Инстаграм - https://www.instagram.com/a.abubakir/

3.1. Команда мүшесінің аты-жөні және мәлімделген жобадағы команда қатысушысының лауазымы	Досбаева Раушангүл – жобаның есепшісі (жобаның қаржылық операцияларын жүргізу, салық және басқа да бюджетке кірістерді жүргізу, жобаның қаржылық есебін дайындау және өткізу)
3.2. Жұмыс тәжірибесі	- «Рух жаңғырығы» ҚҚ, бас есепші (2022 жылдан бері бүгінгі күнге дейін). - «Тұмар» Инновациялық әзірлемелер орталығы» ЖШС, есепші (2022 жылдан бері бүгінгі күнге дейін). - «Жария» Халықаралық орталығы» қоғамдық қоры, есепші (2022 ж.). - «Ақниет» ақпараттық-насихаттау және реабилитациялық орталығы» Қоғамдық қоры, бас есепші (2019-2022 жж.)
3.3. Қосымша мәліметтер	Білімі: жоғары бухгалтерлік есеп және аудит, Л. Б. Гончаров атындағы Қазақ автомобиль жол институты, Алматы (2004 ж.) «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КеАҚ жанындағы ҰЕҰ академиясында «Экономикалық және қаржылық», «Жобалар менеджменті / жобаларды басқару» тақырыптары бойынша оқу бағдарламаларынан өткен. Қазақ және орыс тілдерін жетік меңгерген.
3.4. Әлеуметтік желілердегі бейіндерге сілтеме	Инстаграм - https://www.instagram.com/raushangul873/

Штаттан тыс – 1 адам:

2.1. Команда мүшесінің аты-жөні және мәлімделген жобадағы команда қатысушысының лауазымы	Кульбаева Асем Мұхитқызы – жоба консультанты (мәдениет пен өнер бойынша кеңес беру, жоба аясындағы шараларды ұйымдастыруға қатысу)
2.2. Жұмыс тәжірибесі	- Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті - Базалық факультетінің декан орынбасары, Туризм және тілдер факультетінің вице-деканы, Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер және ҚХА кафедрасының меңгерушісі (Ақтау қаласы, 2018 ж. бастап бүгінгі күнге дейін) - Тараз мемлекеттік университеті – өлкетану және музей бөлімінің меңгерушісі (Тараз қаласы, 2016–2018 жж.) - Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ жанындағы Қазіргі зерттеулер институты – сарапшы-талдаушы (Астана қаласы, 2015 ж.) - «Назарбаев Зияткерлік мектебі» – куратор-педагог (Шымкент қаласы, 2013–2014 жж.) - С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті – саясаттану пәнінің оқытушысы (Астана қаласы, 2011–2014 жж.)
2.3. Қосымша мәліметтер	Білімі – жоғары: Бакалавр: М.Әуезов атындағы ОҚМУ, тарих (2004–2008) Магистратура: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, саясаттану (2009–2011) Докторантура: Селчук университеті (Түркия), халықаралық қатынастар (қазіргі таңда) Қосымша жетістіктер: «Жас ғалым – 2007» өңірлік ғылыми конференциясының жеңімпазы National Teacher Prize 2021 ұлттық сыйлығының жеңімпазы (ең үздік куратор) ЖОО-дағы үздік академиялық және қоғамдық қызмет үшін бірнеше рет марапатталған Тілдерді меңгеру: қазақ, орыс, түрік тілдерін еркін меңгерген, ағылшын тілі – ауызекі деңгейде
2.4. Әлеуметтік желілердегі бейіндерге сілтеме	жоқ

3. Жоба туралы

1. Жоба бойынша жоспарланған қызмет сәйкес келетін мемлекеттік гранттың басым бағыты (мемлекеттік гранттардың басым бағыттарының тізбесінен алынады)	Жастар мен жасөспірімдерге кәсіби бағыт-бағдар беру жұмысын жүйелендіру
--	---

2. Іске асыруға грант сұралатын әлеуметтік жобаның атауы	PROF.Mangystau				
3. Мәселенің сипаттамасы, әлеуметтік жобаның әлеуметтік маңыздылығын негіздеу (мәселе зерттеу, статистикалық және аналитикалық ақпаратты талдау, БАҚ-та жариялау және т. б. жолымен анықталған объективті деректермен негізделуі тиіс.)	Маңғыстау облысы – мұнай-газ өнеркәсібімен ерекшеленетін еліміздің экономикалық тұрғыдан маңызды аймақтарының бірі. Бұл жағдай жастардың болашақ мамандықты таңдауына да әсер етуде: аймақтағы жасөспірімдер мен жастар мұнай-газ саласының маманы, заңгер, экономист, бухгалтер сияқты «жоғары мәртебелі» мамандықтарға көбірек ұмтылады. Нәтижесінде еңбек нарығында сұранысқа ие жұмысшы мамандықтар мен техникалық салаға қызығушылық төмендеп, ұсыныс пен сұраныс арасындағы теңгерім бұзылып отыр. Мұндай жағдайдың басты себептерінің бірі – аймақ жастарына арналған сапалы, жүйелі кәсіптік бағыт-бағдар беру қызметінің жеткіліксіздігі. Соңғы жылдары жалпы білім беру ұйымдарында профориентолог мамандарға арналған штат бірліктері енгізілгенімен, бұл қызмет жүйелі түрде ұйымдастырылмаған: мамандардың кәсіби біліктілігін арттыру жолға қойылмаған, ал жасөспірімдер арасында оларға жүгіну мәдениеті қалыптаспаған. Кәсіптік бағыт-бағдар беру қызметі – бұл жастардың жеке қабілеттерін, қызығушылықтарын және еңбек нарығындағы нақты сұранысты ескере отырып, болашақ мамандық таңдауға кәсіби көмек көрсетуге бағытталған жүйелі жұмыс. Ол жасөспірімдердің өзін-өзі тануына, саналы таңдау жасауына, өмірлік жолын анықтауына, еңбек нарығына бейімделуіне және әлеуметтік-экономикалық тұрақтылыққа тікелей ықпал етеді. Зерттеулер көрсеткендей, кәсіптік бағдарлаудың ерте жастан басталуы мектеп бітірушілердің кәсіби сәйкестігі мен жұмысқа орналасу мүмкіндігін арттырады (Savickas, 2013; Super, 1990). Дегенмен, Қазақстандағы кәсіптік бағдар беру жүйесі, әсіресе өңірлік деңгейде, әлі де болса фрагменттелген сипатта қалып отыр. Бұл жағдай жастардың кәсіби әлеуетін толық ашуға кедергі келтіріп, аймақтық кадрлық теңгерімсіздікке алып келуде. Мәселенің жүйелілігін тереңірек түсіну үшін SWOT-талдауға жүгінейік: <table border="0" style="width: 100%;"> <thead> <tr> <th style="text-align: center;">Күшті жақтары (Strengths)</th><th style="text-align: center;">Әлсіз жақтары (Weaknesses)</th></tr> </thead> <tbody> <tr> <td style="vertical-align: top;"> - Аймақта кәсіптік бағдар мамандарына арналған штат бірліктері енгізілген және көптеген мектептерде профориентологтар бар - Мұнай-газ саласындағы ірі кәсіпорындар мен колледждермен әріптестік мүмкіндіктері бар - Жастардың кәсіптік бағдар бойынша мемлекеттік қолдау құралдары туралы ақпаратқа қол жеткізу мүмкіндігі бар - Цифрлық технологияларды (онлайн платформалар, тестілеу жүйелері) енгізуге әлеует бар </td><td style="vertical-align: top;"> - Профориентолог мамандардың кәсіби біліктілігі төмен, оқыту мен әдістемелік қолдау жеткіліксіз (ҚР БҒМ, 2023) - Мектеп оқушылары мен ата-аналар арасында кәсіби бағдар беруге деген сенім мен қызығушылық төмен - Кәсіптік бағдар бойынша бірыңғай аймақтық стратегия мен стандарттың болмауы - Жастардың кәсіби қызығушылықтарын диагностикалау құралдарының жетіспеуі және қолданыстағы құралдардың бейімделмегендігі </td></tr> </tbody> </table>	Күшті жақтары (Strengths)	Әлсіз жақтары (Weaknesses)	- Аймақта кәсіптік бағдар мамандарына арналған штат бірліктері енгізілген және көптеген мектептерде профориентологтар бар - Мұнай-газ саласындағы ірі кәсіпорындар мен колледждермен әріптестік мүмкіндіктері бар - Жастардың кәсіптік бағдар бойынша мемлекеттік қолдау құралдары туралы ақпаратқа қол жеткізу мүмкіндігі бар - Цифрлық технологияларды (онлайн платформалар, тестілеу жүйелері) енгізуге әлеует бар	- Профориентолог мамандардың кәсіби біліктілігі төмен, оқыту мен әдістемелік қолдау жеткіліксіз (ҚР БҒМ, 2023) - Мектеп оқушылары мен ата-аналар арасында кәсіби бағдар беруге деген сенім мен қызығушылық төмен - Кәсіптік бағдар бойынша бірыңғай аймақтық стратегия мен стандарттың болмауы - Жастардың кәсіби қызығушылықтарын диагностикалау құралдарының жетіспеуі және қолданыстағы құралдардың бейімделмегендігі
Күшті жақтары (Strengths)	Әлсіз жақтары (Weaknesses)				
- Аймақта кәсіптік бағдар мамандарына арналған штат бірліктері енгізілген және көптеген мектептерде профориентологтар бар - Мұнай-газ саласындағы ірі кәсіпорындар мен колледждермен әріптестік мүмкіндіктері бар - Жастардың кәсіптік бағдар бойынша мемлекеттік қолдау құралдары туралы ақпаратқа қол жеткізу мүмкіндігі бар - Цифрлық технологияларды (онлайн платформалар, тестілеу жүйелері) енгізуге әлеует бар	- Профориентолог мамандардың кәсіби біліктілігі төмен, оқыту мен әдістемелік қолдау жеткіліксіз (ҚР БҒМ, 2023) - Мектеп оқушылары мен ата-аналар арасында кәсіби бағдар беруге деген сенім мен қызығушылық төмен - Кәсіптік бағдар бойынша бірыңғай аймақтық стратегия мен стандарттың болмауы - Жастардың кәсіби қызығушылықтарын диагностикалау құралдарының жетіспеуі және қолданыстағы құралдардың бейімделмегендігі				

	Мүмкіндіктер (Opportunities) Қауіптер (Threats)
	- Профориентологтар үшін кәсіби біліктілікті арттыру бағдарламаларын енгізу арқылы кадрлық әлеуетті нығайту - Мектептер мен кәсіптік білім беру ұйымдары арасында көпір орнату - Мультимедиялық контенттер мен тестілеу құралдарын әзірлеп, қолдану - Жұмыс берушілермен бірлескен іс-шаралар арқылы еңбек нарығы талаптарын түсіндіру - Жастардың мамандық таңдаудағы қателігі ұзақмерзімді жұмыссыздық пен кәсіби күйзеліске алып келуі мүмкін - Кәсіби бағдар беру жүйесінің сапасыздығы аймақтың кадрлық тапшылығын күшейтеді (мыс., техникалық салада) - Ақпараттық теңсіздік (ауыл-аймақтардағы интернеттің қолжетімсіздігі) жастардың бағдарлау мүмкіндіктерін шектейді - Ата-аналардың кәсіби бағдар берудегі рөлі әлсіз, бұл баланың таңдауына кері әсер етеді (OECD, 2020) Егер бұл мәселе кешенді түрде шешілмесе, оның салдары терең және көпқырлы болады: жастар кәсіби бейімділігіне сәйкес келмейтін мамандықты таңдауы, нәтижесінде кәсіби қанағаттанбаушылық, жұмыссыздық және «мамандық бойынша жұмыс істемеу» жағдайларының артуы байқалады (ILO, 2022). Бұл өз кезегінде аймақтың кадрлық теңгеріміне, әлеуметтік тұрақтылығына, жастардың көші-қонға бейімділігіне және өмірлік сапасына кері әсер етеді. Аймақта техникалық және жұмысшы мамандықтарына сұраныс жоғары болғанымен, оларды таңдаушылар аз, ал жоғары оқу орындарынан шыққан заңгерлер мен экономистердің саны еңбек нарығы сұранысынан бірнеше есе көп. Бұл мәселені шешу үшін әлемдік тәжірибеге жүгіну маңызды. Мәселен, Германиядағы дуальды білім беру жүйесі оқушыларға мектеппен қатар кәсіптік тәжірибе жинауға мүмкіндік береді, бұл олардың мамандық таңдауын саналы етуге жол ашады (Euler, 2013). Финляндияда оқушылардың қызығушылығы мен қабілеттерін ескеретін бейінді оқыту жүйесі іске асырылған және кәсіптік бағдар жеке консультациялар арқылы үздіксіз жүргізіледі (Sahlberg, 2011). Сингапурде «SkillsFuture» ұлттық бағдарламасы арқылы азаматтардың өмір бойы кәсіп үйренуі мен қайта бейімделуі қолдау табады. Маңғыстау облысында бұл тәжірибелерді адаптациялау үшін үш негізгі бағыт ұсынылады: біріншіден, кәсіби дайындықтан өткен, тұрақты түрде біліктілігін арттыратын профориентологтар пулын қалыптастыру; екіншіден, жастардың қызығушылығы мен қабілеттерін анықтайтын бейімделген кәсіби тестілеу құралдарын әзірлеп, жүйелі түрде енгізу; үшіншіден, мультимедиялық құралдар, бейне-контенттер мен интерактивті платформалар арқылы жастармен заманауи форматта жұмыс жүргізу.

	Бұл жерде Positive Youth Development (PYD) әдістемесінің рөлі ерекше. PYD – жастардың тек кемшіліктерін емес, мықты жақтары мен әлеуетін анықтап, дамытуға бағытталған тәсіл (Lerner et al., 2005). PYD кәсіптік бағдарда оқушының қызығушылығы мен қабілетін, тұлғалық ерекшеліктерін негізге ала отырып, олардың сенімділік, мақсаттылық, азаматтық белсенділік және әлеуметтік байланыс қабілеттерін дамытуды көздейді. Бұл тәсіл жастардың бойындағы мықты тұстарына ден қоюға, өзін-өзі тануына, шынайы қызығушылықтарына сай мамандық таңдауына және өмірлік мақсатын айқындауына ықпал етеді. Аймақтағы кәсіптік бағыт-бағдар беру жүйесін PYD қағидаттарымен ұштастыра отырып, жастардың кәсіби және тұлғалық дамуын қатар қамтамасыз етуге болады.
4. Әлеуметтік жобаның мақсаты	Маңғыстау облысы жастары мен жасөспірімдерінің еңбек нарығының қажеттіліктеріне сай, саналы және дербес мамандық таңдауына ықпал ету мақсатында кәсіби бағдар беру жүйесін институционалдық және ақпараттық тұрғыда нығайту
5. Әлеуметтік жобаның міндеттері	1) Кәсіби бағдар беруші мамандардың біліктілігін арттыру және олардың жұмысын жүйелендіру 2) Жастар мен жасөспірімдердің кәсіби өзін-өзі анықтауға қатысты хабардарлығын арттыру 3) Цифрлық кеңістікте кәсіби бағыт-бағдар беруді танымал ету және жастардың ақпаратқа қолжетімділігін арттыру
6. Әлеуметтік жобаның сипаттамасы: жобаны іске асырудың тетіктері (әдістері) (мына сұрақтарға жауап беру қажет: межеленген мақсаттарға қалай қол жеткізуге болады, қойылған міндеттер қалай орындалады, олардың шешу жолдарын кім жүзеге асырады, бұл ретте қандай ресурстар тартылатын болады).	Маңғыстау облысы жастары мен жасөспірімдерінің кәсіби бағыт-бағдар беруін жетілдіру жобасы өңір жастарының еңбек нарығындағы сұраныс пен өзінің жеке әлеуетін үйлестіре отырып, саналы түрде мамандық таңдауына қолдау көрсетуге бағытталған. Бірінші міндет – кәсіби бағдар беруші мамандардың біліктілігін арттыру және олардың жұмысын жүйелендіру. 1.1. Маңғыстау облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасымен бірлесе отырып, маусым айында жалпы білім беретін орта мектептердің профориентологтар ішінен кем дегенде 30 қатысушыны ашық байқау арқылы іріктеп алу. Іріктеу арнаулы байқау арқылы өтеді. Іріктелетін қатысушылардың өңірлер бойынша бөлінісі - Ақтау қаласынан - 12 адам, Жаңаөзен қаласы мен 5 ауданнан - 3 адамнан. 1.2. Кәсіптік бағыт-бағдар беру жөнінде әдістемелік нұсқаулық дайындалады. Онда ХХІ ғасырдағы дағдылар мен құзыреттер тұжырымы, жастар мен жасөспірімдердің мықты тұстарын анықтау мен оны дамыту, кәсіби бағдар беру психологиясы, жас ұрпақтың тұлғалық және кәсіби дамуына қолдау көрсету тәсілдері нақтыланатын болады. Мамандарды оқыту осы нұсқаулық және оны түсіндіру шеңберінде жүргізіледі және нұсқаулықтың өзі оқыту бағдарламасына қатысушыларға берілетін болады. 1.3. «4D-профориентация» оқыту бағдарламасы. Тамыз-қыркүйек айларында өңірдің кемінде 30 профориентолог маманына арналған 4 модульден тұратын blended learning форматындағы оқыту өткізіледі. Бағдарламаға кемінде 4 сарапшы тартылады және ол кәсіби бағдар беру психологиясы, еңбек нарығының трендтері, ХХІ ғасырдағы дағдылар мен құзыреттер, цифрлық құралдарды қолдану және жастармен менторлық жұмыс тақырыптарын қамтиды. Әр модуль 2 күндік тренингтен тұрады. Оқытудың ерекшелігі - әр модульден кейін қатысушылар нақты құрал жасап шығады (мысалы, кәсіби бағдар беру сессиясының жеке құрылымы, диагностика парағы т.б.). Сондай-ақ, тренингтермен қатар онлайн коучингтер мен WhatsApp-чат арқылы қолдау, micro-learning видео материалдар оқыту тәжірибесін толықтырады. 1.4. «PRO-LAB: жасөспірімдермен жұмыс зертханасы». Тамыз айында практикалық дағдыларды жетілдіруге бағытталған интерактивті зертхана ұйымдастырылады. Қатысушылар нақты кейстер мен жасөспірімдердің сұраныстарына негізделген жеке

	бағдар беру құралдарын әзірлеп, командалық жұмыс пен креатив әдістерді меңгереді. Бұл шара өзара тәжірибе алмасуға да мүмкіндік береді. 1.5. «PROF-Qauym: кәсіби бағдар беру қауымдастығы». Қазан-қараша айларында онлайн платформада Маңғыстау облысындағы профориентолог мамандардың кәсіби қауымдастығы құрылып, ортақ чат, материалдар базасы және әдістемелік қолдау жүйесі жасалады. Бұл тұрақты институционалдық қолдаудың бір бөлігі ретінде қалыптасады. Бұл жұмыс арқылы кәсіби мамандар қауымдастығы құрылып, олар облыс бойынша кәсіптік бағыт-бағдар беру беру жұмысын осы жоба аяқталғаннан кейін де алып кететін болады. Екінші міндет – жастар мен жасөспірімдердің кәсіби өзін-өзі анықтауға қатысты хабардарлығын арттыру. Барлық іс-шараларды негізінен осы жоба аясында оқытылған профориентологтар өткізеді немесе оларға жетекшілік етеді. 2.1. «Кәсіп керуені» кездесулері. Қыркүйек-қараша аралығында облыстың жалпы білім беретін орта мектептерінде TED-talk форматында интерактивті кездесулер өткізіледі. Әр кездесуде оқушылар заманауи және сұранысқа ие мамандықтарды ұсынатын визуалды презентациялармен танысады, «Мамандықты сезін» аймағы (мамандармен кездесу), профориентолог-менторлармен TED форматындағы шеберлік сабағы өтеді. Мектептерге алдын ала өтініш беру арқылы келетін бұл шаралар өңірдің шалғай елдімекендерін де қамтиды. 2.2. «Менің кәсіби траекториям» онлайн тестілеуі. Қыркүйек-қараша аралығында мобильді құрылғыларға бейімделген кәсіби бағдар беру онлайн тесті іске қосылады. Жастар өз қабілеті, қызығушылығы және құндылықтары бойынша талдау алып, соған сай мамандықтар туралы ұсыныстар алады. Тест нәтижелері PDF-есеп ретінде сақталып, ата-аналар мен мұғалімдер үшін де қолжетімді болады. 2.3. «PROF-quest: Кәсіптер әлемі» мектептік квесті. Қазан айында интерактивті профориентациялық квест ұйымдастырылады. Командаларға логикалық тапсырмалар мен кәсіби ситуацияларға негізделген станциялар ұсынылады. Мысалы, «Инженер шешімі», «Дизайнер таңдауы», «Педагог психологиясы» және т.б. Квест жастардың кәсіби құзыреттерін ойын арқылы тануға мүмкіндік береді. Үшінші міндет – цифрлық кеңістікте кәсіби бағыт-бағдар беруді танымал ету және жастардың ақпаратқа қолжетімділігін арттыру. 3.1. «PROF.Mangystau» мультимедиялық паблигінің ашылуы және жүргізілуі. Маусым-қараша аралығында Instagram, TikTok және Youtube платформаларында кәсіби бағдар беруге арналған заманауи паблик ашылып, кемінде 50 бірлік медиаөнім жарияланады. Оларға посттар, инфографикалар, бейнероликтер, подкасттар және интерактивті сериялар («Кәсіби маршрут», «Сұрақ-жауап», «Қай мамандық – сеніңкі?») кіреді. 3.2. «Мансап Talks» подкаст сериясы. Шілде-қараша аралығында еңбек нарығы, болашақ мамандықтар мен шынайы тәжірибе туралы 5 подкаст жазылып, YouTube, Tik-Tok, Instagram-да жарияланады. Подкасттарда жас мамандар, HR-сарапшылар мен кәсіп иелерімен сұхбаттар беріледі.
--	--

	3.3. «Digital PROF-карта» онлайн-гиді. Қыркүйек айында аймақ жастары үшін колледждер мен мамандықтар туралы интерактивті карта әзірленеді. Картада оқу орындары, мамандық сипаттамалары, түлектердің табыс жолы мен сұраныс деңгейі туралы ақпарат жинақталады. Қолжетімділік QR-код және әлеуметтік желі арқылы қамтамасыз етіледі. Осылайша, жоба кәсіби бағдар берудің барлық бағыттарын – мамандарды оқыту, жастармен тікелей жұмыс және ақпараттық кеңістікті қамтып, жастардың саналы, дәлелді әрі болашаққа бағытталған мамандық таңдауына ықпал етеді. Жоба мазмұны өзекті, форматы инновациялық және кең аудиторияны қамтитын кешенді тәсілге негізделген.
7. Әлеуметтік жобаны іске асыру аумағы	Маңғыстау облысы
8. Әлеуметтік жобаны іске асырудың басталу күні	2025 жылғы маусым
9. Әлеуметтік жобасы іске асырудың аяқталу күні	2025 жылғы қараша
10. Әлеуметтік жобаның нысаналы топтары	<i>Тікелей бенефициарлар:</i> жалпы білім беретін орта мектептердің кәсіптік бағыт-бағдар беру жөніндегі мамандары, этнографтар, мектеп оқушылары <i>Жанама бенефициарлар:</i> ата-аналар, мектеп мұғалімдері, білім және жастар саласындағы ұйымдар
11. Нысаналы индикаторларды орындауға бағытталған әлеуметтік жобаның нәтижелері	<i>1-ші міндет бойынша нәтиже:</i> Аймақтағы кемінде 30 профориентолог маманның кәсіби құзыреттілігін арттыру мақсатында 4 сарапшының қатысуымен 4 компоненттен тұратын оқыту бағдарламасы ұйымдастырылады, оған қатысушылардың кемінде 80%-ы бағдарлама мазмұнына оң баға береді, ал олардың кәсіби құзыреттерінің арту деңгейі оқыту алдындағы және кейінгі өзін-өзі бағалау нәтижелері арқылы өлшеніп, кемінде 70% көрсеткішпен тіркеледі. <i>2-ші міндет бойынша нәтиже:</i> Жастар мен жасөспірімдердің кәсіби өзін-өзі анықтау мүмкіндіктері туралы хабардарлығын арттыру мақсатында аймақ мектептерінде кемінде 100 кездесулер өткізіледі, онлайн тестілеу құралдары арқылы кемінде 1000 қатысушы қамтылады, сауалнама нәтижелері бойынша қатысушылардың кемінде 70%-ы ұсынылған ақпаратты пайдалы деп бағалайды. <i>3-ші міндет бойынша нәтиже:</i> Жастарға арналған заманауи кәсіби бағыт-бағдар беру құралдарын ілгерілету мақсатында арнайы паблик ашылып, онда кемінде 50 түрлі форматтағы медиаөнім жарияланады; қамтылған жастар саны кемінде 10 000-ға жетеді, олардың кемінде 60%-ы кәсіби бағдар жөніндегі ақпараттың пайдалы екенін растайды (онлайн сауалнама мен пікір қалдыру арқылы).
Сандық нәтижелері	<i>1-міндет: Кәсіби бағдар беруші мамандардың біліктілігін арттыру және олардың жұмысын жүйелендіру:</i> - Аймақтағы кемінде 30 профориентолог маманның біліктілігін арттыру қамтамасыз етіледі;

	- Аймақтағы кемінде 30 профориентологқа арналған кемінде 4 сарапшының қатысуымен кемінде 4 компонентті оқыту бағдарламасы ұйымдастырылады; - Мамандарға арналған кәсіптік бағыт-бағдар беру жөніндегі әдістемелік нұсқаулық дайындалады; - Оқыту бағдарламасына қатысушылардың кемінде 80%-ы бағалау сауалнамасында бағдарлама мазмұнына оң баға береді. <i>2-міндет: Жастар мен жасөспірімдердің кәсіби өзін-өзі анықтауға қатысты хабардарлығын арттыру:</i> - Аймақ оқушыларына арналған кемінде 100 профориентациялық кездесу ұйымдастырылады; - Аймақ жастары мен жасөспірімдеріне арналған онлайн профориентациялық тестілеу әзірленеді және кемінде 1000 қатысушыға таратылады; - Сауалнама нәтижелері бойынша кәсіби өзін-өзі анықтау мүмкіндіктері туралы көпшіліктің хабардар болу деңгейі кемінде 30%-ға арттырылады. <i>3-міндет: Цифрлық кеңістікте кәсіби бағыт-бағдар беруді танымал ету және жастардың ақпаратқа қолжетімділігін арттыру:</i> - Аймақ жастары мен жасөспірімдеріне кәсіби бағыт-бағдар беруге бағытталған паблик ашылады және жүргізіледі; - Аталған пабликке түрлі форматтағы кемінде 50 медиа-өнім (посттар, инфографика, бейнероликтер, подкасттар және т.б.) дайындалып, жарияланады; - Паблик арқылы қамтылған жастар саны кемінде 10 000-ға жетеді (қамту көрсеткіші бойынша).	
Сапалық нәтижелер оларды өлшеу тәсілдері және	<i>1-ші міндет бойынша нәтиже:</i> Бағдарлама соңында қатысушы профориентологтардың кәсіби құзыреттерінің арту деңгейі кемінде 70% көрсеткішпен тіркеледі (өлшеу тәсілі: оқыту алдында және кейін жүргізілетін өзін-өзі бағалау сауалнамаларының салыстырмалы нәтижесі бойынша). <i>2-ші міндет бойынша нәтиже:</i> Онлайн тестілеуге қатысушылардың кемінде 70%-ы кәсіби бағдарлау бойынша ұсынылған ақпаратты пайдалы деп бағалайды (өлшеу тәсілі: тестілеуден кейінгі қысқа сауалнама және кері байланыс формасы арқылы анықталады). <i>3-ші міндет бойынша нәтиже:</i> Пабликтегі контентті қараған және өзара әрекет жасаған (лайк, комментарий, репост) пайдаланушылардың кемінде 60%-ы кәсіби бағдар бойынша пайдалы ақпарат алғанын растайды (өлшеу тәсілі: пабликте бекітілген сауалнама мен пікір қалдыру формасы арқылы).	
12. Әлеуметтік жобаның серіктестері* * Аталған тармақ тек орта мерзімді гранттар үшін ғана толтыралады және	«Адырна» ұлттық-этнографиялық бірлестігі» қоғамдық қоры	Жоба аясындағы шараларды қоғамдық қордың медиалары арқылы ілгерілету және шараларды өткізу кезінде техникалық көмек
	Yessenov University (Ақтау қаласы) Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті	Өңірлік шараларды өткізуге көмектесу, қажет болған кезде орын-жай беру, шаралардың қатысуына жастарды тарту

серіктестердің хаттарымен расталады		
13. Әлеуметтік жобаны ақпараттық қолдау қалай ұйымдастырылатын болады	Жобаны ақпараттық қолдау кәсіби бағыт-бағдар беру жүйесін институционалдық және ақпараттық тұрғыда нығайтуға бағытталған мақсатқа сәйкес, шешім қабылдаушы тұлғалар мен облыс жұртшылығы арасында жобаның маңызын кеңінен таныту және кәсіби бағдар беру тақырыбына назар аударуды күшейту үшін ұйымдастырылады. Ақпараттық қолдау мынадай тәсілдер арқылы жүргізіледі: 1. Әлеуметтік желілердегі бірыңғай контент. Instagram, TikTok және YouTube платформаларында «PROF.Mangystau» атауымен мультимедиялық паблик ашылып, жобаның барлық кезеңіндегі шаралар, жетістіктер және нәтижелер тұрақты жарияланып отырады. Контент форматына посттар, инфографика, қысқа видеолар, сторис, подкаст үзінділері мен жастармен интерактив қатынасқа бағытталған сауалнамалар мен сұрақ-жауап форматтары кіреді. 2. Танымал блогерлермен және жастарға әсері бар тұлғалармен серіктестік. Маңғыстау өңірінен шыққан немесе жастар арасында кең танылған блогерлер, жас кәсіпкерлер және контент жасаушылармен арнайы бірлескен видеолар мен стористер дайындалады. Олар жоба шараларына қатысып, өз аудиториясымен бөліседі. Бұл жастардың қызығушылығын арттырумен қатар, тақырыптың қоғамдық ауқымын кеңейтеді. 3. Масс-медиа ресурстарындағы жарияланымдар. Жоба аясындағы маңызды іс-шаралар мен нәтижелер республикалық және аймақтық ақпарат құралдарында жарияланады. Бұл материалдар мақалалар, репортаждар және сараптамалық пікірлер форматында болады. 4. Серіктес мекемелер мен жергілікті билік ресурстары арқылы тарату. Маңғыстау облысы әкімдігі, Жастар саясаты басқармасы, Білім басқармасы, Есенов университеті сондай-ақ Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы және жоба серіктестері өздерінің әлеуметтік желі паракшаларында жоба туралы ақпаратты тұрақты түрде бөлісіп отырады. 5. Визуалды және сыртқы жарнама құралдары. Жоба логотипі, QR-коды бар баннерлер, мектептер мен колледждерге арналған постерлер, кәсіби бағдар беруге арналған гайдтар мен таратпа материалдар арқылы да ақпарат кең аудиторияға жеткізіледі. Күтілетін нәтижелер: - Әлеуметтік желілердегі жарияланымдар кемінде 50 000 қаралым жинайды; - Танымал блогерлермен бірлескен контент арқылы кемінде 100 000 қаралым қамтамасыз етіледі; - Республикалық және аймақтық БАҚ-та кемінде 5 ақпараттық материал жарияланады. Осылайша, ақпараттық қолдау жобаның ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз етіп қана қоймай, жастардың саналы мамандық таңдауына қатысты қоғамдық пікір мен сұраныстың артуына ықпал етеді.	

4. Күнтізбелік жоспар

2025 жыл					
№ Р\ с	Шешілетін міндет*	Іс-шара, оның мазмұны, өткізу орны	Басталу күні	Аяқталу күні	Күтілетін нәтижелер
1.	1-міндет - Кәсіби бағдар беруші мамандардың біліктілігін арттыру және олардың жұмысын жүйелендіру	1) Маңғыстау облысында жобаны іске асыру жөніндегі іс-әрекеттер жоспарын әзірлеп, оны Бірыңғай гранттар операторымен, тапсырыс берушімен келісу және бекіту	Мамыр	Мамыр	- Аймақтағы кемінде 30 профориентолог маманның біліктілігін арттыру қамтамасыз етіледі - Аймақтағы кемінде 30 профориентологқа арналған кемінде 4 сарапшының қатысуымен кемінде 4 компонентті оқыту бағдарламасы ұйымдастырылады - Оқыту бағдарламасына қатысушылардың кемінде 80%-ы бағалау сауалнамасында бағдарлама мазмұнына оң баға береді - Мамандарға арналған кәсіптік бағыт-бағдар беру жөніндегі әдістемелік нұсқаулық дайындалады - Бағдарлама соңында қатысушы профориентологтардың кәсіби құзыреттерінің арту деңгейі кемінде 70% көрсеткішпен тіркеледі
		2) Облыстың жалпы білім беретін орта мектептерінің профориентологтары ішінен кем дегенде 30 қатысушыны арнаулы байқау арқылы іріктеу	Маусым	Маусым	
		3) Кәсіптік бағыт-бағдар беру жөнінде әдістемелік нұсқаулық дайындау	Маусым	Маусым	
		4) «4D-профориентация» оқыту бағдарламасы аясында 4 модульден тұратын blended learning форматындағы оқыту өткізу	Тамыз	Қыркүйек	
		5) «PRO-LAB: жасөспірімдермен жұмыс зертханасы» атты практикалық дағдыларды жетілдіруге бағытталған интерактивті зертхана ұйымдастыру	Тамыз	Тамыз	
		6) PROF-Qauum: кәсіби бағдар беру қауымдастығын құру	Қазан	Қыркүйек	
2.	2-міндет - Жастар мен жасөспірімдердің кәсіби өзін-өзі анықтауға қатысты хабардарлығын арттыру	1) «Кәсіп керуені» атты жалпы білім беретін орта мектептерде арнаулы кездесулер өткізу	Қыркүйек	Қараша	- Аймақ оқушыларына арналған кемінде 100 профориентациялық кездесу ұйымдастырылады - Аймақ жастары мен жасөспірімдеріне арналған онлайн профориентациялық тестілеу әзірленеді және кемінде 1000 қатысушыға таратылады - Сауалнама нәтижелері бойынша кәсіби өзін-өзі анықтау мүмкіндіктері туралы көпшіліктің хабардар болу деңгейі кемінде 30%-ға арттырылады - Онлайн тестілеуге қатысушылардың кемінде 70%-ы кәсіби бағдарлау бойынша ұсынылған ақпаратты пайдалы деп бағалайды
		2) «Менің кәсіби траекториям» атты облыс бойынша оқушыларды онлайн тестілеу	Қыркүйек	Қараша	
		3) «PROF-quest: Кәсіптер әлемі» атты мектептерде квест өткізу	Қазан	Қазан	

3.	3- міндет - Цифрлық кеңістікте кәсіби бағыт-бағдар беруді танымал ету және жастардың ақпаратқа қолжетімділігін арттыру	1) Instagram, TikTok, Facebook әлеуметтік желілерінде «PROF.Mangystau» мультимедиялық паблигінің ашылуы және жүргізілуі. <i>Оларға тұрақты түрде посттар, инфографикалар, бейнероликтер, подкасттар және интерактивті сериялар («Кәсіби маршрут», «Сұрақ-жауап», «Қай мамандық – сеніңкі?») салынып тұрады.</i>	Маусым	Қараша	- Аймақ жастары мен жасөспірімдеріне кәсіби бағыт-бағдар беруге бағытталған паблик ашылады және жүргізіледі - Аталған пабликке түрлі форматтағы кемінде 50 медиа-өнім (посттар, инфографика, бейнероликтер, подкасттар және т.б.) дайындалып, жарияланады - Паблик арқылы қамтылған жастар саны кемінде 10 000-ға жетеді - Пабликтегі контентті қараған және өзара әрекет жасаған (лайк, комментарий, репост) пайдаланушылардың кемінде 60%-ы кәсіби бағдар бойынша пайдалы ақпарат алғанын растайды
		2) «Мансап Talks» подкаст сериясын түсіру, әлеуметтік желілерге жариялау	Шілде	Қараша	
		3) «Digital PROF-карта» онлайн-гидін жасау	Қыркүйек	Қыркүйек	
4.	Жоба қорытындысын шығару	Жоба қорытындысын шығарып, Бірыңғай гранттар операторына қорытынды есеп тапсыру	Қараша	Қараша	Жобаны қорытындылау

5. Әлеуметтік жоба шығыстарының сметасы

Грант берушінің 2025 жылға қарастырған қаржы көлемі – 11 585 000 тг.

№	Шығыстардың баптары	Өлшем бірлігі	Саны	Құны, теңге	Барлығы, теңге	Қаржыландыру көздері		Негіздеме/түсініктеме
						Өтініш беруші (жеке салым)	Грант қаражаты	
1	Әкімшілік шығындар:				3 317 934	0	3 317 934	
	Жалақы, оның ішінде:				3 317 934		3 317 934	
	Жобаның басшысы	ай	6	250 000	1 500 000		1 500 000	
	Есепші, 0,5 ставки	ай	6	80 000	480 000		480 000	

	Бағдарламалық маман	ай	6	150 000	900 000		900 000	
	Әлеуметтік аударымдар	ай	6	22 250	133 500		133 500	ҚР заңнамасына сәйкес
	Әлеуметтік салық	ай	6	24 214	145 284		145 284	ҚР заңнамасына сәйкес
	Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру аударымдары	ай	6	14 400	86 400		86 400	ҚР заңнамасына сәйкес
	Жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары	ай	6	12 125	72 750		72 750	ҚР заңнамасына сәйкес
	Шығын материалдары және басқа да қорлар, соның ішінде:				0		0	
	жоқ				0		0	
2	Материалдық-техникалық қамтамасыз ету:				0		0	
	жоқ				0		0	
3	Тікелей шығындар:				8 687 066	420 000	8 267 066	
	1 іс-шара. «4D-профорентация» оқыту бағдарламасы (4 тренинг)				5 750 000	60 000	5 690 000	
	Жаңаөзен қаласы мен алыс аудандардан келетін қатысушылардың жол шығындары (әр өңірден 3 адамнан, алыс 5 өңір): тамақтану - 5000 теңге * 2 күн * 4 шара + жатын орны - 15 000 теңге * 2 күн * 4 шара + ТЖ билет/бензин шығыны - 10 000 * 4 шара	жиынтық	15	200 000	3 000 000		3 000 000	Жаңаөзен қаласы және Бейнеу, Қаракия, Маңғыстау, Түпқараған аудандарынан келетін қатысушылар үшін

	Тренерлер гонорары (4 адам)	қызмет	4	200 000	800 000		800 000	2 тренер - өңірлік, 2 тренер - республикалық
	Республикалық тренерлер шығындары (2 адам): тамақтану - 5000 теңге * 2 күн + жатын орны - 25 000 теңге * 2 күн + ұшақ шығыны - 100 000	жиынтық	2	160 000	320 000		320 000	
	Кофе-брейк (2 күн * 2 рет * 30 адам * 4 шара)	порция	480	1 500	720 000		720 000	
	Кеңсе және тарату материалдары (30 адам * 4 шара)	жиынтық	120	5 000	600 000		600 000	
	Кәсіптік бағыт-бағдар беру жөніндегі әдістемелік нұсқаулықты басып шығару	дана	50	5 000	250 000		250 000	
	Іс-шара үшін роллап (150 см x 200 см)	дана	2	30 000	60 000	60 000	0	Барлық шараға апару үшін
	2 іс-шара. «PRO-LAB: жасөспірімдермен жұмыс зертханасы»				790 000	60 000	730 000	
	Кеңсе және тарату материалдары	қызмет	35	5 000	175 000		175 000	
	Жаңаөзен қаласы мен алыс аудандардан келетін қатысушылардың жол шығындары (әр өңірден 3 адамнан, алыс 5 өңір): тамақтану - 5000 теңге * 1 күн + жатын орны - 15 000 теңге * 1 күн + ТЖ билет/бензин шығыны - 10 000	жиынтық	15	30 000	450 000		450 000	Жаңаөзен қаласы және Бейнеу, Қаракия, Маңғыстау, Түпқараған аудандарынан келетін қатысушылар үшін
	Кофе-брейк (1 күн * 2 рет	порция	70	1 500	105 000		105 000	

	* 35 адам)							
	Іс-шара үшін роллап (150 см х 200 см)	дана	2	30 000	60 000	60 000	0	
	3 іс-шара. «Менің кәсіби траекториям» онлайн тестілеуі				750 000	0	750 000	
	Тестілеуді дайындау қызметі (мамандар гонорары, 2 адам)	қызмет	2	250 000	500 000		500 000	
	Техникалық маман қызметі (тестілеуді ұялы телефон қосымшасына бейімдеу)	қызмет	1	250 000	250 000		250 000	
	4 іс-шара. Ақпараттық жұмыс				1 397 066	300 000	1 097 066	
	«Мансап Talks» подкаст сериясын түсіру, монтаждау және т.б. техникалық сүйемелдеу қызметі	қызмет	5	100 000	500 000		500 000	
	SMM қызметі, арнаулы пабликтерді жүргізу	қызмет	1	597 066	597 066		597 066	
	Ақпараттық ресурстарда материал жариялау	қызмет	3	100 000	300 000	300 000	0	
	Жиынында:				12 005 000	420 000	11 585 000	

* Заңның 6-1-бабының 5-тармағына сәйкес материалдық-техникалық қамтамасыз етуге және институционалдық дамытуға арналған шығыстар қысқа мерзімді және орта мерзімді гранттардың жалпы құнының 10 %-ынан аспайды.

Материалдық-техникалық қамтамасыз ету деп жөндеу мен құрылыстың ағымдағы және күрделі нысандарын, жылжымайтын мүлікті сатып алуды қоспағанда, әлеуметтік жобаның мақсаттарына сәйкес ұйымды дамытуға бағытталған тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу түсініледі. Институционалдық даму деп грант алушының қызметкерлерін оқытуға және олардың біліктілігін арттыруға бағытталған тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу, сондай-ақ оқу орнына дейінгі жол жүру шығындары, оқу-әдістемелік материалдарды сатып алу түсініледі.

6. Өтінімді растау

Осы өтінімге қол қою арқылы өтініш беруші:

- Осы Қағидаларда айқындалған үкіметтік емес ұйымдарға арналған мемлекеттік гранттар беруге арналған конкурсты (бұдан әрі – конкурс) өткізу шарттары мен тәртібіне келісім беруін;
- осы өтінімнің құрамында ұсынылған ақпараттың өзектілігі мен анықтығын;
- жүзеге асырылуы ҚР заңнамасының талаптарын бұзатын осы өтініммен конкурсқа ұсынылған іс-шаралар жобасында болмауын;
- осы өтінімде пайдаланылуы ҚР заңнамасының талаптарын бұзатын ақпараттың болмауын;
- осы өтінімде ұсынылуы және өңделуі дербес деректер субъектісінің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзатын дербес деректердің болмауын;
- ұйымның жарғысына сәйкес осы өтінімде көрсетілген басым бағытқа сәйкес келетін қызметтің бір немесе бірнеше түрін жүзеге асыруын;
- ұйымды тарату, ұйымның дәрменсіздігі (банкроттығы) туралы іс бойынша іс жүргізу, оның қызметін тоқтата тұру рәсімінің болмауын;
- ұйымның Қазақстан Республикасының бюджет жүйесінің бюджеттеріне орындау мерзімі басталған салықтар, алымдар және өзге де міндетті төлемдер бойынша мерзімі өткен берешегінің болмауын (осы өтінім берілген күнге ұйымның тиісті арызы бойынша шешім болмаған кезде ұйым белгіленген тәртіппен шағым жасайтын берешекті қоспағанда);
- ұйымның басшылары, құрылтайшылары, мемлекеттік органның және (немесе) оператордың уәкілетті адамдарының жұбайы (зайыбы), жақын туыстары, жекжаттары болып табылмайтынын;
- ұйымның басшылары, құрылтайшылары террористік әрекетке қатысы бар адамдардың тізіміне, сондай-ақ жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен адамдардың тізбесіне және (немесе) терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен адамдардың тізбесіне енгізілмегенін растайды.

«Рух жаңғырығы» КК директоры
мамыр
(ұйым басшысының лауазымы)



Хамит Айдар Дулатұлы
(қолдың толық жазылуы)

2025 ж. " 12 "
(толтыру күні)